



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

07.02.2025 № 243

№

Заңсыз ақша жинауға
тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының басшылары:

1) Ата-аналардан (занды өкілдерден) мыналар: жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, білім беру ұйымдарын аттестациялауға, әртүрлі мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

2) педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

3) заңсыз ақша жинауға жол берген директор орынбасарларына, есепшілеріне, сынып жетекшілеріне, мұғалімдеріне, әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне шара қолданылсын;

4) білім беру ұйымдарында заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы бұйрық шығарылсын.

2. Осы бұйрық орындалмаған жағдайда, білім беру мекемелерінің басшыларына лауазымынан босатуға дейін қатаң тәртіптік шаралар қолданылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы

К. Сенгазыев